

Сейітжанұлы З.
Құйрық-бауыр асату өлеңдері

Бұл мақалада құйрық-бауыр асатқан кезде айтылатын өлең талданады. Отбасы ғұрып фольклорына байланысты айтылатын өлеңдер бір топ құрайды. Бірақ солардың ішінде күні бүгінге дейін ғылыми айналымға түспей, ел аузында айтылып жүрген өлеңнің бірі құдаласу салтында орындалатын – «Құйрық-бауыр асату» өлеңі. Өлеңнің қандай мақсатта айтылатындығы жан-жақты қарастырылады.

Түйін сөздер: отбасы фольклоры, өлең, құдалық, құйрық-бауыр, салт-дәстүр.

Seytzhanyuly Z.
Ritual songs kuyruk-bauyr

The article is devoted ritual folklore of Kazakh people. The author analyzes the song «Kuyruk bauyr» executed during courtship. The author notes that kuyruk-bauyr – a pledge of loyalty and the inviolability of the agreement the two sides. As the author points out the aim and task execution ritual songs during courtship.

Key words: family folklore, song, matchmaking, kuyruk-bauyr, traditions and customs.

Сеитжанұлы З.
**Обрядовые песни
құйрық-бауыр**

Статья посвящена исследованию обрядового фольклора казахского народа. Автор проводит анализ песни «Құйрық бауыр», исполняемой во время сватовства. В статье автор отмечает, что құйрық-бауыр – залог верности и нерушимости договора двух сторон. Так же автор указывает цель и задачу исполнения обрядовых песен во время сватовства.

Ключевые слова: семейный фольклор, песня, сватовство, құйрық-бауыр, традиции, обычаи.

ӘОЖ 17.71.07

Сейітжанұлы З.,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,
ф. г. д., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: aknur.ospanova@mail.ru

ҚҰЙРЫҚ-БАУЫР АСАТУ ӨЛЕҢДЕРІ

Жарық дүниенің есігін ашқан адамның есейіп – ержетуі, ұрпақ өсіріп «ұлды ұяға, қызды қияға қондыруды» жаратылыс заңы десек болады. Адам өмірінің әр кезеңі түрлі той-томалақ, ойын-сауықпен аталып отырады. Басқаша айтқанда, «торқалы той, топырақты өлімге» байланысты көптеген жөн-жосық, жол-жоралғылар орындалады. Әр отбасы бұл екі мәселеге үлкен жауапкершілікпен қараған.

Қазақ құдалық салтына ерекше мән беріп, кез келген жерден келін де алмаған, қыз да ұзатпаған. Әр ата-ана әлеуметтік жағдайы өзімен деңгейлес, өнегелі отбасымен құдандалы болуды ойлаған. Текті, жақсы атадан қыз алсақ көргенді-тәрбиелі болады деп ойлаған. Сондықтан «көріп алған көріктіден, көрмей алған тектіні» қалаған, немесе «аяғын көріп асын іш, анасын көріп қызын ал» деген сөздер де осындайдан айтылған болу керек. Қазақта құдалықтың бел құда, бесік құда, қарсы құда, егіз құда сияқты түрлері бар. Әсіресе ержеткен ұлмен қыздың жеке отау тігуі үлкен қуаныш саналады. Өйткені бұл бір әулет ұрпағының өсіп-өніп қатарға қослуы болса, екіншіден қоғамды нығайта түсетін күш болып есептеледі.

Үйлену тойы және сол тойда орындалатын жол-жоралғылар мен айтылатын өлең-жыр әлем елдерінің көбінде ұшырасады екен. Алайда әр халық, әр ұлттың өзіне тән ерекшеліктері де бар. Тарихи-этнографиялық деректерге қарағанда дүние жүзіндегі халықтардың қай-қайсысының да болса құдалыққа келуден бастап, келін түскенге дейінгі аралықта жасалатын өзінше көп жора-жосығы болады. «Түркі-моңғол халықтарының қыз беріп, келін түсіру ғұрпының өзара жақындығын айтпағанның өзінде, орыс, украин сияқты славяндықтардың құда түсу салтында да біраз ұқсастықтар бар» [1, 56]. Сондықтан әр халық құдаласу аясында атқарылатын рәсімдерді тұрмыс-тіршілігіне, әдет-салтына қарай шамасы келгенше орындауға ден қойып отырған.

Құда түсу екі жақты байланыстыратын алғашқы адым – жаушы жіберуден басталады. Жаушы болып келген адам дұрыс жауап алып келсе, мұнан соң құда түсетін болған. Құда түсуге жол-жосынды жақсы білетін, аузының ебі, сөзінің желі бар, көрген-білгені, көңілге түйгені көп, елге қадірлі адамдарды жібереді. Құдаларды қарсы алуға ағайын-жекжат, көрші-қоландар түгел жиналады. Бұл әр отбасында болатын көптік сипаты бар

салттың бірі. Құда түсе келген құда-құдағиларға құрмет көрсетіледі. Оларды сыйлы қонақ, қадірлі адамдар ретінде қарап, көңілдерінен шығуға тырысады және әдет-ғұрып негізінде қалыптасқан рәсімдер орындалуы керек. Сондай жол-жосынның бірі – құйрық-бауыр асату болып табылады. Құда түсе келген адамдарға бата жасатып арнайы ақсарбас қой сойлады. Оның етін жеместен бұрын құда-құдағиларға құйрық-бауыр асатады. Құйрық пен бауырды жұқалап турап бірнеше табаққа салады. Оның үстіне шамалап айран (қатық болуы да мүмкін) құйылады. Табаққа салынған құйрық-бауырды бірнеше әйел көбіне қалыңдықтың жеңгелері өлеңдетіп алып келеді. Өйткені қазақ халқы қызық-қуаныштың да, қайғы-мұңның да өлеңмен өрнектеп отырған.

Құйрық-бауыр асату кезінде айтылатын өлеңдердің арнаулы саз-әуені болады және бір адам емес, табақ әкеле жатқан бірнеше әйел қосылып айтады.

Мәселен:

Құда, құда дегізген,
Құйрық-бауыр жегізген.
Айналайын баладан,
Құдасы бар дегізген.

Немесе:

Құда, құда дегізген,
Құйрық-бауыр жегізген.
Құйрық-бауыр жемесең,
Несіне құда дегізген –

деп құйрық-бауыр жемей құда атанбайтындарын ескертеді. Құда келіп қуанышты болғандарын айтады. Бұл арада келген құдаларды түгел қамтып өлеңдетеді. Мұның бәрі де балалардың арқасы екеніне көңіл аударып, оларға да ризалық білдіреді. Құйрық-бауыр асату құдаларға құрмет ретінде орындалатын рәсім. Құйрық-бауыр жегеннен кейін ғана екі жақ бірін-бірі нағыз құда ретінде таныған. Сондықтан атқарылып жатқан әдет-салт өлеңмен өрнектеліп, әуенмен көмкеріліп отыруы шарт. Кейде жоғарыдағы өлең жолдары:

Құда, құда дейсің-ау, әй,
Құйрық-бауыр жейсің-ау, әй.
Құйрық-бауыр жемесең,
Несіне құда дейсің-ау, әй?! –

деп сәл басқашалау айтылуы да мүмкін. Бұл – фольклорға тән ерекшелік.

Бұдан кейін құйрық-бауырды асатушы әйелдер назарын жекелеген құдаларға аударады. Ал-

дымен жасы үлкен бас құдаға жақындап былай дейді:

Мына отырған бас құда,
Қасында отыр жас құда.
Құйрық-бауыр асатам,
Аузыңызды аш құда.

Бұл сәтте бас құда мен оның қасында жас құда қарсылық білдірмей, қайта құйрық-бауырды асауға ыңғайланады. Себебі арыдан келе жатқан құдалық жоралғысы орындалуы керек. Табақты әкелген әйелдер құйрық-бауырды асата тұрып оның үстіне құйылған айранды құдалардың беттеріне жағып жібереді. Бет-аузына айран жағылған құданы көрген басқалар мәз болып күледі. Күлкі-қуаныш нышаны. Сондықтан алғаш келген құдалар бір-біріне жақындап, жадырай түседі. Бұл арада айта кетер бір жай – үйлену тойындағы ғұрыптық күлкі (*ритуальный смех*) алғашқы қауымдық құрылыс мәдениетіне тән екенін белгілі ғалым М.Бахтин атап өтсе (творчество Франсуа Рабле и народная культура средневековой и ренессанса. М.1994.С.10). Отбасы фольклорын арнайы зерттеген ғалым К.Исләмжанұлы: «Қазақтың үйлену тойындағы «рәсімдік күлкі» тегі де ескі заманнан бастау алады және ол рулық қоғамда бертінге дейін сақталған. Ол ғұрыптық фольклордың табиғатына да әсер еткен. Кейін күлкінің орнын ән-күй, ойын-сауық басады», – деп жазады [3, 127].

Үйлену салтына байланысты орындалатын рәсімдер мен өлеңдердің барлығы күлкіден тұрады деген ұғым тумауы керек. Кейде нала-мұңда айтылатын мезеттер бар. Ұзатылатын қыздың сыңсуы мұң-зарға толы болып келеді. Өйткені ол жат жұртқа кетіп барады.

Жөн-жосықты жақсы білетін әйелдер кезегі келген бір құдаға көңіл аудара әндетіп:

*Алтыннан да ардақты,
Күмістен де салмақты.
Құйрық-бауыр асатайын,
Тістеп алма бармақты, –*

дейді. Бір жағынан құданы мақтап, екінші жағынан әзіл-қалжың араласқан өлең жолдары да көпшілікті күлдіріп көңілдендіре түседі. Мұндай салт тіршіліктің бір қызық-қуанышы болғандықтан лайықты әзірлікпен, сыпайы әзіл-қалжыңы араласқан көтеріңкі көңілмен өтуі шарт. Құдандалы болып жатқан екі жақтың арасында жайдарлық, ізеттілік сақталуы тиіс. Ендігі бір кезекте келген құдағи-құдашаларға ілтипат білдіре өлеңдетеді:

салттың бірі. Құда түсе келген құда-құдағиларға құрмет көрсетіледі. Оларды сыйлы қонақ, қадірлі адамдар ретінде қарап, көңілдерінен шығуға тырысады және әдет-ғұрып негізінде қалыптасқан рәсімдер орындалуы керек. Сондай жол-жосынның бірі – құйрық-бауыр асату болып табылады. Құда түсе келген адамдарға бата жасатып арнайы ақсарбас қой сойлады. Оның етін жеместен бұрын құда-құдағиларға құйрық-бауыр асатады. Құйрық пен бауырды жұқалап турап бірнеше табаққа салады. Оның үстіне шамалап айран (қатық болуы да мүмкін) құйылады. Табаққа салынған құйрық-бауырды бірнеше әйел көбіне қалыңдықтың жеңгелері өлеңдетіп алып келеді. Өйткені қазақ халқы қызық-қуаныштың да, қайғы-мұңның да өлеңмен өрнектеп отырған.

Құйрық-бауыр асату кезінде айтылатын өлеңдердің арнаулы саз-әуені болады және бір адам емес, табақ әкеле жатқан бірнеше әйел қосылып айтады.

Мәселен:

Құда, құда дегізген,
Құйрық-бауыр жегізген.
Айналайын баладан,
Құдасы бар дегізген.

Немесе:

Құда, құда дегізген,
Құйрық-бауыр жегізген.
Құйрық-бауыр жемесең,
Несіне құда дегізген –

деп құйрық-бауыр жемей құда атанбайтындарын ескертеді. Құда келіп қуанышты болғандарын айтады. Бұл арада келген құдаларды түгел қамтып өлеңдетеді. Мұның бәрі де балалардың арқасы екеніне көңіл аударып, оларға да ризалық білдіреді. Құйрық-бауыр асату құдаларға құрмет ретінде орындалатын рәсім. Құйрық-бауыр жегеннен кейін ғана екі жақ бірін-бірі нағыз құда ретінде таныған. Сондықтан атқарылып жатқан әдет-салт өлеңмен өрнектеліп, әуенмен көмкеріліп отыруы шарт. Кейде жоғарыдағы өлең жолдары:

Құда, құда дейсің-ау, әй,
Құйрық-бауыр жейсің-ау, әй.
Құйрық-бауыр жемесең,
Несіне құда дейсің-ау, әй?! –

деп сәл басқашалау айтылуы да мүмкін. Бұл – фольклорға тән ерекшелік.

Бұдан кейін құйрық-бауырды асатушы әйелдер назарын жекелеген құдаларға аударады. Ал-

дымен жасы үлкен бас құдаға жақындап былай дейді:

Мына отырған бас құда,
Қасында отыр жас құда.
Құйрық-бауыр асатам,
Аузыңызды аш құда.

Бұл сәтте бас құда мен оның қасында жас құда қарсылық білдірмей, қайта құйрық-бауырды асауға ыңғайланады. Себебі арыдан келе жатқан құдалық жоралғысы орындалуы керек. Табақты әкелген әйелдер құйрық-бауырды асата тұрып оның үстіне құйылған айранды құдалардың беттеріне жағып жібереді. Бет-аузына айран жағылған құданы көрген басқалар мәз болып күледі. Күлкі-қуаныш нышаны. Сондықтан алғаш келген құдалар бір-біріне жақындап, жадырай түседі. Бұл арада айта кетер бір жай – үйлену тойындағы ғұрыптық күлкі (*ритуальный смех*) алғашқы қауымдық құрылыс мәдениетіне тән екенін белгілі ғалым М.Бахтин атап өтсе (творчество Франсуа Рабле и народная культура средневековой и ренессанса. М.1994.С.10). Отбасы фольклорын арнайы зерттеген ғалым К.Исләмжанұлы: «Қазақтың үйлену тойындағы «рәсімдік күлкі» тегі де ескі заманнан бастау алады және ол рулық қоғамда бертінге дейін сақталған. Ол ғұрыптық фольклордың табиғатына да әсер еткен. Кейін күлкінің орнын ән-күй, ойын-сауық басады», – деп жазады [3, 127].

Үйлену салтына байланысты орындалатын рәсімдер мен өлеңдердің барлығы күлкіден тұрады деген ұғым тумауы керек. Кейде нала-мұңда айтылатын мезеттер бар. Ұзатылатын қыздың сыңсуы мұң-зарға толы болып келеді. Өйткені ол жат жұртқа кетіп барады.

Жөн-жосықты жақсы білетін әйелдер кезегі келген бір құдаға көңіл аудара әндетіп:

*Алтыннан да ардақты,
Күмістен де салмақты.
Құйрық-бауыр асатайын,
Тістеп алма бармақты, –*

дейді. Бір жағынан құданы мақтап, екінші жағынан әзіл-қалжың араласқан өлең жолдары да көпшілікті күлдіріп көңілдендіре түседі. Мұндай салт тіршіліктің бір қызық-қуанышы болғандықтан лайықты әзірлікпен, сыпайы әзіл-қалжыңы араласқан көтеріңкі көңілмен өтуі шарт. Құдандалы болып жатқан екі жақтың арасында жайдарлық, ізеттілік сақталуы тиіс. Ендігі бір кезекте келген құдағи-құдашаларға ілтисат білдіре өлеңдетеді:

Құдағидың алқасы-ай,
Құдашаның арқасы-ай.
Осы отырған отырыс,
Құдалардың арқасы-ай!

Немесе:

*Мына отырған құдағи,
Тігіп отыр отау үй.
Құйрық-бауыр асатсам,
Бере ме екен молдау сый?! –*

деп сыпайы жеңіл әзілмен құйрық-бауырын асатады. Құйрық-бауыр асап болған соң құда-құдағилар табаққа ырым (ақша) салады. Мұны құйрық-бауыр әкелген әйелдер бөліп алады. Құйрық-бауыр асату – құдалықты бекіте түсу мақсатынан туған салт-рәсімнің бірі. «Құда, құда дедің бе, құйрық-бауыр жедің бе?» деген сөз осы орайда айтылса керек.

Құйрық-бауыр асатудың бір мәні құйрық-бауырдай бауырмал, тату-тәтті болайық деген ниет жатса, құйрық-бауырға айран не қатық қосылуы халықтың белгілі бір дүниетанымын көрсетсе керек. Өйткені қазақ халқы ақ түсті ерекше ұнатқан. Халық қуанышты жағдайда көңілі ағарды деп жатады. Сондықтан ақ түсті жақсылықтың, тазалықтың белгісіне балаған.

Қорыта айтқанда, құдаласу кезінде басқа да ғұрыптық жоралғылар жасалады. Онда да көңілді көріністер орын алатыны байқалады. Айталық, құдалардың киімін төрде төселген кілем-сырмақтарға тігу, құдаларды суға салу (тоғыту) және басқа осындай ойындар кезінде көпшілік күлкіге қарық болады. Құдалық кезінде әзіл-қалжың көп айтылады. «Құда, құда болсаң шыда» деген ұстаным басшылыққа алынады. Қалай десек те құда-құдағиларға ерекше құрмет көрсетіп аттандыру – ата дәстүрін жалғастыру болса, екіншіден, адамгершілік – кісілік белгісі ретінде бағаланған. Сарсүйек құдалар арасына сызат түсірмей сыйласып өтуді мақсат еткен.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілік ғұрпымен байланысты туған отбасы фольклорының бір түрі – құйрық-бауыр асату кезінде айтылатын өлең. Біріншіден, бұл өлең үйлену салтына байланысты айтылады. Екіншіден, белгілі бір әуен-сазбен орындалады. Үшіншіден, бірнеше әйелдер қосыла өлеңдету арқылы әуен мен ырғақ үйлесім тауып отырады. Сондай-ақ, кейбір өлең тармақтары – «құда, құда дегізген, құйрық-бауыр жегізген» тәрізді қайталанып тұрақты формулаларға айналған жолдар кездеседі. Бұл ғұрыптық фольклорға тән сипат. Құйрық-бауыр асату өлеңі бүгін де құдаласу кезінде айтылып жүр.

Әдебиеттер

- 1 Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы, 1981. – 308 б.
- 2 Автордың жинаған материалдары.
- 3 Ісләмжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. – Алматы, 2007.

References

- 1 Qazaq folklori'ni'ng ti''pologi''yasi'. – Almati', 1981. – 308 b.
- 2 Avtordi'ng ji''naghan materi''aldari'.
- 3 Isla'mjanuli' K. Qazaqti'ng otbasi' folklori'. – Almati', 2007.